

Баскұдық ЖОББМ-нің 2022-2023 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің жылдық бойынша атқарылған жұмыстарының талдауы

Қыркүйек айының екінші аптасында жоспарға сәйкес 1 сынып білім алушылардың мектепке дайындығын тексеру мақсатында «Керн Йерасик тесті» өткізілді. Зерттеуге 1 сынып оқушы қатысты. Сынып жетекшісі оқушылардың оқуға бейімделуі, 1-сыныпқа бейімделуі жөнінде жұмыстарды күшейту. Пән мұғалімдерімен тығыз байланыста отыру, оқушылардың ортаға бейімделуі бойынша мектеп психологімен байланыста болу. Төмен деңгейдегі 1 оқушымен жұмыстар жүргізу.

Агрессия түрін анықтауға 6-11 сынып оқушыларына арналған Басса-Дарки сауалнамасы алынды. Қастандыққа жақын оқушы анықталған жоқ.

Сонымен қатар, 5 сыныпта оқушылардың мотивациясын анықтауға арналған Н.Г.Лусканова сауалнамасы алынып, Сынып жетекшісі оқушылардың орта буынға бейімделуін, 5-сыныпқа бейімделуі жөнінде жұмыстарды күшейту. Оқушылардың ортаға бейімделуіне байланысты пән мұғалімдерімен және психологпен тығыз байланыста болу. Нәтижесінде сыныптағы психологиялық ахуал бірқалыпты реттелген, бейімделмеген оқушы анықталмады.

5-7 сыныптар бойынша жасөспірімдер мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында Р.Гудман сауалнамасы алынды.

8,9,10 сынып оқушыларына қорқыныш, стресс, депрессия деңгейлерін анықтау мақсатында DASS сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 24 оқушы қатысты. Қорытындысында депрессия, мазасыздану, стресс күйінде жүрген оқушы анықталған жоқ.

6-7 сынып оқушыларына қорқыныш, стресс, депрессия деңгейлерін анықтау мақсатында «Зунге» сауалнамасы алынып, қорытындысында депрессия, мазасыздану, стресс күйінде жүрген оқушы анықталған жоқ.

Оқушылар арасында қарым-қатынасты анықтау мақсатында 5-10 сынып оқушыларына арналған «Социометрия» әдісі алынды. Нәтижесінде сыныптар арасында оқшауланған оқушы жоқ. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы қалыпты деңгейде.

Е.А.Климовтың даралап диагностикалау сауалнамасы алынды. Бұл сауалнама мамандық таңдауға байланысты және жеке тұлғаның қандай мамандыққа жақындығын анықтауға арналған. Мамандықтар типтеріне байланысты 5 топқа жіктелген.

Қараша айында бастауыш сынып оқушыларымен «Құпия дос» психологиялық акциясы жүргізілді. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту мақсатында бастауыш сынып оқушылары белсене қатысып, бір-біріне арнап сыйлықтар арнады. Бұл өз кезегінде мектеп ұжымының өзара ынтымақтастығының нығаюына себеп болды.

8-11 сынып қыз балаларымен «Болашаққа қамқорлық» тақырыбында мектеп медбикесі А. Маналова ерте жүктіліктің, ерте жыныстық қатынастардың және жасанды түсік жасатудың зияны туралы мақсатты ұстана отырып, кездесу ретінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Мен және менің ортам» оқшауланудың алдын-алу мақсатында 5-7 оқушыларына тренинг ұйымдастырылды. Шығармашылық жұмысымызды бастарда оқушылар мен мұғалімдер арасында көңілді тренинг, жаттығулар ұйымдастырылып оқушылар мен мұғалімдер жеребе бойынша өздеріне түскен оқушы мен мұғалімге жақсылық, қамқорлық, жасауы бiп аптада міндеттелген болатын. Нәтижесінде, ұйымдастыру шарасы барысында уақыттың аздығына ла қарамай қызықты жағдайлармен де кезектік бір-біріне деген жылы лебіздердің жақсылық, қамқорлықтың куәсі болдық. Шара соңында мұғалімдер мен оқушылар шаттық шеңберіне тұрып

бір-біріне құпия түрде жасаған жақсылықтарын айтып, барлығы өз пікірлерімен бөлісіп, алғыстарын білдірді.

Желтоқсан айында кәсіптік бағдар беру мақсатында 9-сыныпқа «Климов» әдістемесі жүргізілді, оқушылардың қандай мамандықтарға бейім екендері анықталды.

«Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 8-11 класс оқушылары арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижесі шығарылды.

Желтоқсан айының соңғы аптасында 3-6 сыныптарда балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында «Сөмкесіз 1 күн» психологиялық акциясы өтті.

Қаңтар айында 1-4 сыныптарға Т.В.Артемыеваның «Тыңда және орында», «Бұзылған телефон», «Корректорлық тапсырмалар» жүргізілді. 9-11 сынып оқушыларына емтиханда кездесетін қиыншылықтарды жеңу мақсатында «Емтихан іскерлік» ойыны жүргізілді. Сонымен қатар 5-8 сыныптар аралығында «Үйқыдағы қала» психологиялық жобалық-ойын жүргізілді. Ата-аналармен кездесулер, түрлі тренингтер, кеңестер берілді.

Ақпан айында баланың отбасымен қарым-қатынасын бақылау мақсатында, 4-сынып оқушыларына Панфилованың «Кактус» әдістемесі жүргізілді. 1-4 сыныптарға Т.В.Артемыеваның «Жасырын тұрған сөзді тап», «Аспан-жер-су» ойыны, «Барлығын еске түсіру» ойындары жүргізілді.

Наурыз айында 1-4 сыныптарға Т.В.Артемыеваның «Сөйлемдерді құрастыру» ойыны, «Сәйкестендіру» ойындары өтті. Сонымен қатар 1-11 сыныптар арасында «Би терапиясы» өтті.

Сәуір айында 4-сынып оқушыларына танымдық процестерді жеттеу мақсатында Замбацавиченің әдістемесі жүргізілді. Білім алушылардың эмоционалды жағдайын бақылау мақсатында бастауыш сыныптардан Т.В.Артемыеваның «Менің көңіл-күйім неге үксайды?», «Айна», «Кәсіпқой», «Қағаздан жасалған қар» (агрессияны төмендетуге арналған), «Болашақ чемпиондар», «Апельсин», «Түсіру», «Өр түрлі кейіпкерлер» жаттығулары жүргізілді. 5-8 сыныптарда, 1-4 сыныптарда кинезиология жаттығулары жүргізілді.

Мамыр айында 9, 11 сыныптарға топтық және жеке-кей кеңестер берілді. 5-10 сынып оқушыларының «Буллинг, кибербуллинг» тақырыбында түсіндірме жұмыстары, топтық жұмыстар, кеңестер берілді.

Мамыр айында сайыстар, психологиялық акциялар, тренингтер, ойындар жүргізілді. Атап айтсақ бастауыш сынып оқушылары арасында «Менің бақытты отбасым», «Сөмкесіз бір күн», «Күпия дос» акциялары ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Менің мектебім буллингке қарсы» тақырыбында жалпы республикалық флешмоб өткізілді.

Мектеп бітірушілерге кеңестер, мини лекциялар жүргізілді.

Девиянтты мінез-құлықты оқушылар	Зауыт полиция бөлімінде есепте тұрған оқушылар	Мектепшілік есепте тұрған оқушылар	Тәуекел тобына алынған оқушылар	Бақылауға алынған
жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ

2022-2023 оқу жылының «Сенім жәшігіне» келіп түскен мәліметтерді тіркеуге алынып, қойылған сауал, сұрақтары бойынша жауаптар қайтарылды.

Басқұдық	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
----------	----------	-------	--------	-----------

ЖОББМ	0	0	0	0
қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр
0	0	0	0	0

Жеке бас мәселесі бойынша қойылған сұрақтарға мектеп психологы өз жауабын беріп, кеңістер берді.

Мектеп психологы:



Самиянова А.Е.